

НАРЫҚТЫҚ ҚАТЫНАСТАРДЫ ҚОЛДАУДЫҢ ҚАРЖЫЛЫҚ-НЕСИЕЛІК ӘДІСІ

Жиентаев С.М. - экономика ғылымдарының докторы, *А.Байтұрсынов атындағы Қостанай мемлекеттік университетінің* профессоры

Мақалада нарықтық қатынастардың қаржылық және несиелік қолдау әдістерін зерттейді. экономикалық қалпына шағын бизнес үлесі бүгінде анық жеткіліксіз. Бұл өндіріс жалпы төмендеуімен және экономикалық қарым-қатынастарды үзілуіне ретінде түсіндіріледі, және бұл *predpri-yaty* дамыту үшін мемлекеттік қолдау алған жоқ. Сонымен қатар, нарықтық ауытқуына ең тәуелді *pred-prinimatelskaya* тұрақсыз құрылымы сияқты шағын кәсіпорындар, түрлі мемлекет қолдауы қажет. Қолдау және шағын бизнес мүдделерін қорғау әртүрлі ұйымдастыру нысандары бар. Ол, әрине, қалыптасады, себебі мемлекеттік деңгейде нарықтық экономикасы бар елдерде жүздеген жылдар бойы, шағын кәсіпорындар құру және дамыту әрекет емес. Қазақстанда, сектор бірнеше жыл іс жүзінде қалыптасқан. Кәсіпкерліктің мемлекет қаржылық қолдау талап елеулі инвестициялар, мемлекеттік бюджет қабілеті шектеулі болып табылады. шағын бизнесті жедел дамыту маңызды рөл тікелей инвестициялар белсенді тартуға ойнайды.

Бұлақты сөздер: қаржы және несие тәжірибе, нарықтық қарым-қатынастар, шағын және орта бизнес, кәсіпкерлік.

ФИНАНСОВО-КРЕДИТНЫЕ МЕТОДЫ ПОДДЕРЖКИ РЫНОЧНЫХ ОТНОШЕНИЙ

Жиентаев С.М. – д.э.н, профессор *Костанайского государственного университета имени А.Байтұрсынова*

Автор рассматривает финансово-кредитные методы поддержки рыночных отношений. Вклад малых предприятий в оздоровление экономики сегодня явно недостаточен. Объясняется это как общим спадом производства и разрывом хозяйственных связей, так и тем, что не получила развития государственная поддержка этих предприятий. Между тем малые предприятия как неустойчивая предпринимательская структура, наиболее зависимая от колебаний рынка, нуждаются в разносторонней государственной поддержке. Существуют различные организационные формы поддержки и защиты интересов малых предприятий. В странах с рыночной экономикой на государственном уровне не ставилась задача создания и развития малого бизнеса, поскольку он сложился естественным путем, за сотни лет. В Казахстане этот сектор экономики сформирован практически за считанные годы. Финансовая поддержка предпринимательства государством требует значительных затрат, а возможности государственного бюджета ограничены. Важную роль ускоренного развития малого предпринимательства будет играть активное привлечение прямых инвестиций.

Ключевые слова: финансово-кредитные методы, рыночные отношения, малый и средний бизнес, предпринимательство .

FINANCIAL AND CREDIT SUPPORT METHODS MARKET RELATIONS

Zhiyentayev S.M. – the Doctor of Economics, professor, *Kostanaysky state university of A. Baytursynov*

The author examines the financial and credit support methods of market relations. The contribution of small businesses to economic recovery today is clearly insufficient. This is explained as a general decline in production and the rupture of economic relations, and that did not receive government support for the development of these enterprises. Meanwhile, small businesses as an unstable business structure, the most dependent on market fluctuations, need the support of diverse state. There are different organizational forms of support and protection of the interests of small businesses. In countries with a market economy at the state level does not attempt to create and develop small businesses, because it is formed naturally, for hundreds of years. In Kazakhstan, the sector formed practically in a few years. Financial support by the state of entrepreneurship requires a significant investment, and the ability of the state budget is limited. The important role of accelerated development of small business will play an active attraction of direct investments.

Keywords: financial and credit practices, market relations, small and medium enterprises, entrepreneurship.

Нарықтық қатынастарға қаржы-несие әдісі арқылы қолдау көрсетудің маңыздылығы, әсіресе, бағаның қалыптасу жүйесі толықтай өзгеріске түскенде және экономикадағы қаржылық сәйкестік

бұзылған кезде, сондай-ақ экономиканың өзінің жүйесі ішінде елеулі қайта құрулар орын алған кезде арта түседі. Қазіргі кезде Қазақстанда дәл осындай процестер орын алуда.

Қазақстандағы аграрлық реформаның бастапқы кезеңінде шаруашылықты жүргізуді нарықтық қатынасқа көшіруді демеу қаржылар мен жәрдем қаражаттардың қысқаруына мүмкіндік береді деп саналса, нарыққа көшудің алғашқы бағдарламасында «ауылшаруашылығының машина жасау кәсіпорындарының өнімдерін көтерме бағамен сатуға көшу барысында бағаның елеулі өсуі күтілмейді, оған бұл саланың біршама жоғары деңгейдегі пайдалылығы мен ауыл шаруашылығының негізгі техникамен жарақтануының қажетті деңгейден жоғары болуы себеп бола алады» деген сенім болды[1].

Тиісінше ауыл шаруашылығы саласында нарықтық қатынастарды қалыптастыруға деген несиелердің ықпалы мейлінше шектеулі болды, ал Қазақстанның Мемлекеттік банкі бөлімдерінің жұмысы бір жағынан экономиканың аграрлық секторындағы шаруашылық субъектілердің ақшаларын қатаң регламенттеуге бағытталса, екінші жағынан орын алған қаржылық-несиелік бейберекеттік жағдайында және әкімшілік-командалық жүйені бұзу кезеңінде субъективті факторлар басты рөл ойнай бастайтын болады. Көбінесе ірі көлемді несиелер «жоғарыдан түскен» жасырын нұсқаулар бойынша жаңадан ұйымдастырылған шаруашылық субъектілеріне берілді. Осы шараларға қатысты жүргізілген талдаулар несиені осындай жолмен алған кәсіпорындардың 80% ауыл шаруашылығы өндірісімен айналыспай, алған қаражатты не коммерциялық мақсаттарға, не тез пайда әкелетін салаға жұмсап жібергендерін, немесе мүлдем жабылып тыңғандарын көрсетті.

Өкінішке орай қазіргі кездегі орын алған банктердің есеп айырысу жүйесі өнеркәсіп пен ауыл шаруашылығы арасындағы өндірістік байланыстардың дамуын тежеп отыр деуге болады. Қазақстан Республикасындағы қол ақшасыз есеп айырысу тәртібін бұзғаны үшін салынатын айыппұл туралы жаңа ережеге сәйкес заңды және жеке тұлғалар берілген несиелерді мақсатсыз жұмсағаны үшін банк пайдасына алған несиенің 25% көлемінде айыппұл төлеп, несиені ұзақ мерзіммен және пайызымен қайтаратын болды. Ал клиенттердің ақшаларын өз мақсаттарына пайдаланғаны үшін банктер ешқандай жауапкершілікке тартылмады.

Несие саясатында Қазақстан Республикасының заңымен бекітілген біршама маңызды ереже жұмыс істейді. Банктің болмаса есеп айырысу-кассалық орталықтың кінәсі бойынша салымшының есебінен қате немесе уақытында шығарылмаған қаражат үшін, сондай-ақ есеп айырысу құжаттарын өңдеуді бекітілген мерзімнен (банкке түскен күнін санамағанда бір операциялық күн) кешіктіру орын алған жағдайда банк салымшының пайдасына кешіктірілген әр күн сайын төлем сомасының 0,5% көлемінде айыппұл төлейді. Алайда шынайы өмірде аталған айыппұлдар мен санкцияларды пайдалану іс жүзінде мүмкін емес. Біріншіден, банктер өздеріне тиімсіз мұндай шараның жұмыс істеуіне жол бермейді. Екіншіден, жаңадан құрылған барлық шаруашылық субъектілері түрлі себептерге байланысты банк органдарына аталған талаптарды қоймайтын болып шықты.

Солтүстік Қазақстанның бірқатар шаруашылықтарында өткізілген әлеуметтік зерттеулердің мәліметтерінен олардың қаржы-несие жүйесіне қоятын кінәларының көп екендігін көруге болады. Несие саясаты ауылдың толықтай тоқырауға ұшырауына себеп болуда. Бұлардағы жұмыстардың маусымдылығы есепке алынбай, несие халық шаруашылығының басқа салаларымен бірдей пайызбен берілуде. Шаруа мен коммерсантқа несие беруде бір көлемдегі пайыз белгіленген.

Сонымен бірге Қазақстанның ауыл шаруашылығы өндірісінің тәжірибесіне жүргізілген талдау, қолдау көрсету көлемін қысқартудың олардың пайдаланылуы мен қайтарылымының төмендеуімен қоса жүретінін көрсеткен. Аяқталмаған құрылыстардың саны артып, ауыл шаруашылығы өндірісінің тиімділігі түсті және ауыл шаруашылығына бөлінген несиелер «жұтылып кетіп» жатты. Жағдайдың мұншама шиеленісуіне келесідей себептер әсер етті деуге болады:

- мемлекеттің ауыл шаруашылығы тауар өндірушілеріне көрсеткен қаржылай көмектерінің құнсыздануына алып келген Қазақстан экономикасындағы құнсыздану деңгейінің жоғарылығы;

- аграрлық реформаның бастапқы кезеңінде ауыл шаруашылығы өнімдерінің тапшылығын жоюға бағытталған шаруашылық субъектілеріне қаржылай көмек көрсетудің бұрынғы жүйесі сақталып қалды және мұның өзі нарықтық экономикаға тән ауыл шаруашылығын мемлекеттік реттеу ұстанымдарының орындалуларын жоққа шығарды. Атап айтқанда, аграрлық протекционизм ұстанымы сақталмады да, тұтыну нарығын импорттық ауыл шаруашылығы өнімдерінің жаулап алуына алып келді және осының салдарынан Қазақстанның азық-түлік қауіпсіздігіне елеулі қауіп төнді. Құқықтық заңсыздықты тудырған, халық шаруашылығының түрлі салаларының шаруашылық субъектілерінің арасындағы міндеттемелердің бұзылуына алып келген құқықтық заңсыздық жағдайында нарықтық қатынастарды мемлекеттік реттеудің басқа да ұстанымдары ескерілмей қалды да, мұның өзі мемлекеттің қаржылай көмегінің тиімділігін елеулі төмендетіп жіберді;

- нарықтық қатынастарға көшу кезінде пайда болған жаңа жағдайларда ауыл экономикасын басқара алатын ұйымдастырушылық-экономикалық құрылымдардың болмауы;

- шаруашылық субъектілері жетекшілерінің тәртіптері мен жауапкершіліктерінің төмендеуіне алып келген қазіргі кездегі мемлекеттік органдар тарапынан әкімшілік бақылаудың босаңсуы;

- кей шаруашылық субъектілерді басқаларының ығыстырып шығаруын және басқаларға жергілікті билік өкілдері тарапынан «жасыл шам» қаржылық жеңілдіктерінің болуын көрсететін субъективті сипаттар.

Қазақстанда орталықтандырылған әкімшілік-командалық жүйеден бір факторлы экономикалық нарық үлгісіне көшу монетарлық әдіспен – бағаны ырықтандыру, бюджет пен жекешелендіруге қолдау көрсету және тұрақтандыру бойынша анықталады. Басты назар қаржы-несие жүйесі мен оны бөлуге аударылды. Ауыл шаруашылығының өзі барлық қайта құрудың процесін анықтаушы құрылым ретінде реформаторлардың назарынан тыс қалды. Мұның барлығы ауыл шаруашылығы өндірісінің тұрақты түрде құлдырауына алып келді.

Сондықтан да нарықтық қатынастарға көрсетілер қаржылай қолдау ең алдымен мемлекеттік реттеудің ұстанымдарының орындалуына негізделуі, ал қолдаудың өзін жүзеге асыру нақты бағдарламалар мен жобалардың аясында жүргізілуі тиіс. Жобалар өндірілетін өнімнің ішкі және сыртқы нарықтағы бәсекеге қабілеттілігін, сұраныс пен ұсыныстың бірнеше жылғы ауытқуларына жан-жақты талдау жасай отырып және өнімді өткізудің кепілдігі бойынша шарттар жасаса отырып дайындалады. Әдетте, бағдарламаларда қаржылық шарттарды ғана көрсетіп қоймай, сондай-ақ нарықтың конъюнктурасы өзгерген жағдайдағы бағалардың өзгерулерін де көрсету қажет[2].

Қазақстанның нақты жағдайында қазіргі кезде ауылшаруашылығы өндірісін техникалық тұрғыдан қайта жарақтандыру және әрбір инвесторға ақырғы кірістен өз үлесін алатындай мүмкіндік беру үшін шаруашылық субъектілері мен мемлекеттің қаржылық ресурстарын біріктіру қажет. Бұлардан басқа бағдарламалар ауыл шаруашылығы өнімдеріне қатысты белгілі бір салықтық жеңілдіктердің болуын, сондай-ақ жеңілдікпен несиелеуді және несиелеу барысында мемлекеттің кепіл болуын, ал жәрдем қаражаттың нақты мақсатқа жұмсалатын болғандықтан оның негізгі бөлігінің мақсатты жәрдем /жәрдем қаражат/ ретінде берілуін қарастырулары тиіс. Соңғылар несиелеу мен пайдалану кезіндегі шарттар бұзылған жағдайда кейін қайтарылады.

Қазақстанның азық-түлік қауіпсіздігі мәселесі ең алдымен ауыл шаруашылығында шешілетін болғандықтан мемлекет аграрлық сектордағы нарықтық қатынастың дамуына қаржы-несиелік қолдау көрсетуде басымдық беретін бағыттарды анықтайды және олардың негізгілері ретінде келесілерді атауға болады:

- ауыл шаруашылығы экспортының шикізаттық бағытын жоюға арналған ауыл шаруашылығы мен АӨК салаларының құрылымдық қайта құрылулары;

- ішкі және сыртқы нарықта сұранысқа ие (бидайдың жұмсақ және қатты сорттары, ет (сиыр еті), жүн және былғары шикізаты) ауыл шаруашылығы өнімдерінің бәсекеге қабілетті түрлерінің санын арттыру;

- Қазақстанның ауыл тұрғындарының тұрмысын жақсартуға бағытталған ауылдың әлеуметтік инфрақұрылымының түрлі салаларын қаржыландыру.

Бұл арада қаражатты мемлекеттің бірінші кезекте Қазақстанның ауыл шаруашылығын қайта құру жөніндегі ұлттық бағдарламасына енген шаруашылықтарға бөлетінін айта кеткен жөн, яғни, мұның өзі шаруашылық субъектілерін іріктеу ұстанымдарының сақталып отырғанын көрсетеді. Қазіргі таңда мұндай шаруашылықтардың қатарына ең алдымен тиімді жұмыс істеп тұрған, Қазақстанның аграрлық секторы өнімдерінің негізгі үлесін өндіріп отырған (97% дейін) ірі ауыл шаруашылық кәсіпорындарының кіретіндігі түсінікті. Осы және басқа да ауыл шаруашылығын мемлекеттік реттеудің ұстанымдарын автор Қостанай облысының бірқатар шаруашылықтарына жасаған әлеуметтік-экономикалық дамуының кешенді жоспарын құрастыру барысында көрсеткен болатын.

Мемлекеттің инвестициялық несиелеудегі басымдық беретін бағыттары – ауыл шаруашылығын техникалық қайта жарақтандыруға қаржы салу болса, бұл оны елімізде социалистік кезеңнен бері жалғасып келе жатқан индустриаландырудың негізі болып табылады.

Алайда, бұл мәселені түпкілікті шешу үшін қыруар уақыт пен ірі көлемді қаржы құю қажет болатын. Түрлі себептерге байланысты бұл мәселені шешу кейінге ысырыла берді де, ақыр аяғында республикадағы орын алған ауыл шаруашылығы өндірісінің дағдарысына өз әсерін тигізді деуге болады.

Қазіргі кездегі жағдайларда ауыл шаруашылығын дамудың қарқынды жолына көшіру тек әлеуметтік-экономикалық маңызға ие және ол халық шаруашылығының өзге салаларымен салыстырғанда өзіне тән ерекшеліктерімен байланысты. Ауылшаруашылығының басты өндіріс құралы – жер. Сондықтан ауыл шаруашылығы дамуының қарқындылығын алғашқыда жер телімін қарқынды пайдаланумен байланыстырылды. Ол негізгі қор ретінде жұмсалған еңбек пен салынған қаражаттың және егіс алқабының бір бірлігіне (1га, 1 десятина және т.т.) шаққандағы ағымдағы шығындардың көрсеткіштерімен сипатталса, қарқындылықтың нәтижесі егіс алқабының бір бірлігінен алынған өнімнің жалпы көлемімен өлшенеді. Ауылшаруашылығының қарқындылығын бұлайша түсіндірудің бүгінгі күнге дейін өзінің маңыздылығын жоймағанын, алайда оның жеткіліксіз екендігін атап өту керек.

К.Маркс ауылшаруашылығының қарқындылығын өнім өндіріді кеңейтумен, өндірістің мейлінше тиімді құралдарын пайдаланумен байланыстырды. Ауыл шаруашылығы өндірісінің қарқындылығын арттыру оны ҒТП жетістіктерінің негізінде ұйымдастыру арқылы ресурстарды мейлінше тиімді

пайдалану, эконмикалық өсуді жеделдету, әлеуметтік және экономикалық тиімділігін арттыру мақсатында оны жан-жақты сапалы түрде қайта құру дегенді білдіреді. Ресурстарды шектеулі көлемде жұмсай және қолдана отырып ең жоғары тиімділікке қол жеткізу, оларды мейлінше сақтау, қазіргі кездегі процестің көрсеткіші және ауыл шаруашылығы өндірісінің қарқынды дамуының тиімділік белгісі болып отыр. Осыған байланысты К.Маркс «экономикалық тұрғыдан біз дақылдарды қарқынды өсіру деп белгілі бір алқапқа салынған капиталды түсінеміз» деген болатын.

Ауылшаруашылығын дамыту қарқынының сапасын арттырудың жаңа дәуірі ретінде бұл саланың автоматтандырылуын атауға болар еді. Ол негізінен бір жерде ұсталатын мал шаруашылығы мен жабық алқаптағы көкөніс өсіруде (сауу процесін автоматтандыру, күтімнің оңтайлы әдісін қамтамасыз ету, өсімдіктер мен малдардың жағдайына бақылау жасау және т.б.) жүзеге асырылады. Автоматтандыру ФТП негізгі бағыттарының бірі болып табылады. Мысалы, егер ауыл шаруашылығына енгізілетін механикаландыру мен электрлендіру есебінен бір адамды қол еңбегінен босату үшін 2,5-3,5 мың теңге қажет болатын болса, автоматтандыруды жүзеге асыру үшін 5-10 мың теңге қаражат құю керек болады. Мұндай жоба іске аса қалған жағдайда экономикалық тиімділік елеулі түрде артып, салынған қаражат қысқа мерзімде қайтарылатын болады. Бүгінгі күні тенгенің денгейі төмендеген сайын бұл сомма өсебереді[3].

Қоғамдық өндірістің қарқынын арттыру мәселесінің бұрынғы Кеңес дәуірінен келе жатқандығын айта кету керек. Алайда оны шешу көбінесе өндіріске де, ауыл шаруашылығына да ірі көлемдегі қаражат салумен байланыстырылды. Оның үстіне мұндай көзқарас мемлекет пен кәсіпорынның қаражат ресурстарын бөліп төлеу туралы ойластырылмаған болатын. Ең төменгі көрсеткіштермен жұмыс істеген ауыл шаруашылығы кәсіпорындары жоғары тиімділікпен жұмыс істеп жатқан әріптестерімен тең дәрежеде мемлекеттік демеуқаржылар мен несиелер алып отырды.

Шамадан тыс монополиялық сипатқа ие болған социалистік экономиканың құрылымы жекелеген кәсіпорындардың арасында іс жүзінде бәсекелестік дегеннің мүлдем болмауы себепті ауыл шаруашылығының қарқындылығын арттырудан тиісті дәрежедегі тиімділікке қол жеткізе алмаған болар еді. Ол науқаншылдық, мәлімдеме сипатта болды және шаруашылықты жүргізудің тиімді әдістерін қолдану үшін ешқандай ықпалы болмады.

Іс жүзінде басты міндеті жаңа экономикалық құрылымдарға қаржылық қолдау көрсету және монополиялық әрекеттерді шектеу болған, республиканың кәсіпкерлеріне қолдау көрсету мен дамытуды жүзеге асыру жөніндегі 2014 жылға арналған мемлекеттік бағдарламаның «жұмысы тоқтатылды» және бұған келесідей себептерді атауға болады:

а) шаруашылық субъектілері несиені бұл кезде тек Агропромбанктен ала алатын еді, яғни, олардың іс жүзінде кредитордың таңдау құқығы болған жоқ. Несие беруде бұрынғы әкімшілік-командалық әдіс іс жүзінде сақталып қалды, ал қаржы-несие саясатындағы монополизмнің қолайсыз зардаптары әзірше жойылған жоқ;

б) республиканың ауыл шаруашылығы өндірісін дамыту аграрлық секторға бөлінетін қаржы көлемінің арттырылуын талап етті. Несиелер айналымдағы қаражатты арттыру үшін ірі көлемдегі қаржы құюға арналған демеуқаржының бір түрі болып табылды. Көбінесе олар ұжымшарлар мен кеңшарлардың қаржылық шығындарын төлеу мен ауыл еңбеккерлерінің еңбекақыларын арттыруға жұмсалды. Ауыл шаруашылығы өндірісін әкімшілік-командалық әдіспен басқарудың сақталып қалуы олардың жеке және кәсіпорындардан қарызға алған қаражаттарын көп ретте тиімсіз жұмсауларына соқтырып отырды. Мұндай жағдайларда несиелер айналым саласын артық төлем құралдарымен толтырып, қазақстан экономикасының құнсыздану құбылысының күшейе түсуіне ықпал етіп отырды;

в) қаржылық ресурстардың жетіспеуі, сондай-ақ негізделген аграрлық заңның болмауы мен жауапсыздықпен бөлінген қаражат үшін жауапкершіліктің болмауы жағдайында оларды бюрократтық аппараттың мақсатсыз бөлуі. Бұл қаржылық ресурстың елеулі көлемінің ауыл шаруашылығы өндірісі жағына кетпей, ауыл шаруашылығымен салыстырғанда айналым капиталы анағұрлым жоғары болған коммерциялық құрылым жағына кетіп қалуына ықпал етті. Қаржы ресурстарын бұлайша бөлу олардың жетіспеушілігін асқындыра түсті де, ақыр аяғында Қазақстанның ауыл шаруашылығы өндірісінің дағдарысқа түсуіне алып келді.

Мемлекеттің инвестициялау саясатының басты бағыттарының бірі ретінде ауыл шаруашылығына ғылыми-техникалық прогресті енгізуді несиелеу болғанын және бұл саясаттың әлі сақталып отырғандығы болса, оның келесідей өзіне тән ерекшеліктерінің бар екендігін айтып кету керек:

- ауыл шаруашылығы өндірісінің табиғат пен климат жағдайларына елеулі түрде тәуелді болуы, ФТП енгізудің оған жыл бойы пайда табуға мүмкіндік бермеуі;
- индустрияландырудың артта қалуы, механикаландыру дәрежесінің төмендігі, әсіресе мал шаруашылығында қол еңбегінің басым болып қалып отырғандығы (70% астам);
- химикаттарды ұқыпсыз қолданудан экологиялық мәселелердің пайда болуы;
- ауыл шаруашылығы мамандарының кәсіби және экономикалық тұрғыдан біліктіліктерінің тиісті деңгейде болмауы;
- ауылдың техникалық-ұйымдастырушылық құрылымының жетілдірілмегендігі;

- ауылдың өндірістік және әлеуметтік инфрақұрылымының нашар дамуы, сондай-ақ жаңадан құрылған шаруашылық субъектілерінің ақпаратпен тиісті дәрежеде қамтамасыз етілмеуі.

Ауылшаруашылығы дамып келе жатқандығына оның өндіріс құралдарымен жарақтандырылуы күе бола алады. Бұған қатысты «экономикалық кезеңдер нені өндіргендерімен емес, өнімді немен, қандай еңбек құралдарымен өндіргендері арқылы ажыратылатындығын» көруге болады. Тиісінше мемлекеттің ҒТП ең алдыңғы жетістіктерін ауыл шаруашылығына енгізуге бағытталған тиімді инвестициялық әрекеті нарықтық қатынастардың жұмыс істеуі үшін қолайлы жағдай тудырады.

Дамыған елдерде мемлекет ауыл шаруашылығы техникасын, ауыл шаруашылығына арналған өзге де тауарлар шығаратын кәсіпорындарға мақсатты жәрдем /жәрдем қаражат/ бөлетінін, осылайша бұл саланың ауыл шаруашылығына «енер кезінде» монополизм мен үстемдік орнатуының алды алынатынын, ал мұндай реттеу амалдарының Қазақстанның қазіргі жағдайында болмай отырғандығын атап өту керек. Мемлекет бұл шараларды шығындардың орнын толтыру үшін және ауыл шаруашылығы өндіріс құралдарының бағасының төмендігін сақтай отырып шаруашылықтың пайдамен жұмыс істеуін қамтамасыз ету мақсатында қабылдайды. Бұлардан басқа ауыл шаруашылығы кәсіпорындарына жанар-жағар материалдары, қуат көзін жеткізушілер үшін жеңілдетілген тарифтар ұсынылады, ал ауыл шаруашылығының өзі «шаруа қожалықтары шаруашылықтарының кеңейтілуін қамтамасыз ету үшін төмен пайызбен жалпы жәрдем қаражат желісі бойынша несие алады».

Нарық бар дүниені өз орнына қойып береді, ауылшаруашылығына инвестиция өзі құйылады деген қиялдан арылу керек. Қазақстанның ауыл шаруашылығында нарықтық қатынасты дамыту үшін ауыл шаруашылығы өнімдерін өндірушілерді алғашқы капиталмен қамтамасыз ету мәселесі өте маңызды. Бір қарағанда несиелерді жер телімдерін кепілдікке қойып беруге болатын сияқты. Алайда, мұндай тәжірибені дамыту келеңсіздіктерге ұрындыруы мүмкін. Несиелер тікелей мақсатқа пайдаланылмай, алыпсатарлық үшін пайдаланылуы мүмкін. Бұған қазіргі кезде республикамызда орын алып отырған объективті және субъективті жағдайлар ықпал етуі мүмкін.

Біріншіге келесілерді жатқызуға болады:

а) шарттағы қарапайым міндеттемелерді бұзу мен оларды бұзғандары үшін жауапқа тартылмайтын құқықтық бейберекеттік пен құқықтық заңсыздықтың болуы;

б) берілген несиелерді қатаң түрде өз мақсатына жұмсауға мүмкіндік беретін экономикалық және әлеуметтік тұрғыдан дәлелденген аграрлық заңның болмауы;

в) алынған қаржының шектен тыс құнсыздануына алып келетін құнсызданудың жоғары деңгейі;

г) Қазақстан экономикасының дағдарысты жағдайы, мемлекеттік бюджетте қаржының жетіспеушілігі.

Субъективті себептерге бірқатар әкімшілік аппараты өкілдерінің ауыл шаруашылығы тауар өндірушілерін бұрынғыдай қатаң бақылауда ұстауды «уысынан шығарып алмауы» болып отырғанын, сондай-ақ негізінен субъективті сипаттағы түрлі бюрократтық кедергілерді жатқызуға болады.

Сондықтан несиелерді жұмысты жаңадан бастап жатқан кәсіпкерлерге болашақ өнімді кепілдікке қою арқылы беруді қарастырып көрген артық болмас еді. Мұндай әдіс қарыз алушының жағдайы мен шамасына, оның жоспарлары мен мүмкіндіктеріне толық талдау жасауды қажет етеді. Мұндай жағдайда қарыз алушыға несие алу үшін жерге қожалығын дәлелдейтін құжатты емес, болашақ жұмысына қатысты шығындар мен кірістердің жан-жақты талданған және дәлелденген сметасын көрсету керек болады. Мұндай несие жүйесі шеңберінде кеңес беру қызметтерін ұйымдастыруға, өндірістік жоспарларға сараптама бағаларды ұсынуға болады. Мұндай тәжірибе бірқатар батыс елдерінде кеңінен қолданылып, соңғы кездері дамушы елдерде де қолданыла бастады. Оның көмегімен бөлінген қаржының алыпсатарлық немесе басқа да өндірістік емес салаларға пайдаланылып кетпей, тиісті бағытта дұрыс пайдаланылуына және бақылау жасалуына қол жеткізуге болады.

Осылайша, бір жағынан мемлекеттің реттеу функциясы әр түрлі қаржы-несие әдістерін қолдану арқылы жүзеге асырылып отырылады. Олардың ішіндегі ең маңыздысы ауыл шаруашылығында қаражаттың пайда болуына, қазіргі заманғы ҒТП жетістіктерін пайдалануға, сондай-ақ заманауи машиналарды, тыңайтқыштарды және ауыл шаруашылығының өзге де жаңалықтарын пайдалануға мүмкіндік беретін инвестиция тарту болып табылады. Мемлекеттің инвестиция тарту жөніндегі шараларға кең көлемде қатысуына АӨК қайта өңдеу салаларының монополиялық құрылымдарынан шаруашылық субъектілерінің мүдделерін қорғауға бағытталған Қазақстанның аграрлық саясат жөніндегі қабылданатын заңы мүмкіндік бермек.

Нарықтық қатынастарды қолдауға бағытталған қаржы-несие әдісінің маңыздылығы зор. Бұрынғы кеңшарлар мен ұжымшарлардың орталықтандырылған қаржыландыру жүйесінің тиімсіз болғандығы енді ғана анықталып жатыр. Ал нарықтық қатынастар жұмыс істеп тұрған жағдайда мемлекеттің экономиканы реттеп отыратын әдістерінің бірі ретінде несиенің маңыздылығы өте ерекше. Бастапқы кездерде жеңілдікпен берілетін несиелерді экономиканың аграрлық секторындағы жаңадан ашылып жатқан шаруашылық субъектілеріне пайдалануға берудің қажеттілігі анық. Мұндай несие берулер орын алған жағдайда берілген несиелердің дұрыс пайдаланылуларына қатаң бақылау жасау керек.

Басқа жағынан, Қазақстандағы аграрлық реформаның бастапқы кезеңі шаруа қожалықтарының көпшілігінің реформаны қабылдамағандарын көрсетті. Солтүстік Қазақстанның бірқатар өңірінде жүргізілген әлеуметтік зерттеулердің мәліметтерінен шаруа қожалықтарының 85% ұжымдық шаруашылықтың құрамынан шығып, өздерінің шағын тауарлы өндірістерін бастауға психологиялық тұрғыдан дайын емес екендерін, бұған себеп ретінде олардың қазіргі кезде мемлекет тарапынан нақты экономикалық көмектің болмай отырғанын және болашақта бұл көмекті алатындарына сенбейтіндерін көруге болады. Ауылдық өндірушілердің жаңа буынын жасау идеясын жариялаған мемлекет, бұл бағытта не экономикалық, не ұйымдастырушылық әрекет етіп отырған жоқ және өзінің осы әрекетсіздігімен өзі жариялаған аграрлық реформа жөніндегі тұжырымдамасына елеулі түрде нұқсан келтірді деуге әбден болады.

Литература:

1. Н.А. Назарбаев Стратегия развития Казахстана до 2030 года, с.13.
2. Жиентаев С.М. Экономикалық теория. Оқу құрылы. Астана 2014 г. «Дәме» с.164.
3. «Костанай-Агро» № 35, 03.09.2015

References:

1. N. Nazarbayev of Kazakhstan Development Strategy until 2030, p.13.
2. Zhiyentayev S.M. Economic theory. Astana 2014 "Dәme" p.164
3. «Kostanay-Agro» № 35, 03.09.2015

Сведения об авторе

Жиентаев Сансызбай Мухаметгалиевич - доктор экономических наук, профессор Костанайского государственного университета имени А.Байтұрсынова. г.Костанай, пр. Абая, 28, корпус 2, каб. 205, E-mail: kost.hor@mail.ru

Zhientaev Sansyzbai Muhamedgalievitsch – the Doctor of Economics, professor, Kostanaysky state university of A. Baytursynov, Kostanai city , boulevard of Абая, 28, corps 2, cabinet 205, E - mail: kost.hor@mail.ru

Жиентаев Сансызбай Мухаметгалиевич - экономика ғылымдарының докторы, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай мемлекеттік университетінің профессоры, Қостанай қ. Абая даңғылы, 28, 2 кеуде, жұмыс бөлмем 205, E-mail: kost.hor@mail.ru